Собор Парижской Богоматери (XII-XIII вв.) стал подлинным шедевром ранней готики. Он представляет собой пятинефную базилику, которую отличает редкая соразмерность конструктивных форм. Собор имеет две башни в западной части, украшен витражами, скульптурами на фасадах, колоннами в аркадах. Он обладает также поразительной акустикой. Достижения в соборе Парижской Богоматери развивают соборы Амьена и Реймса (XIII в.), а также Верхняя церковь Сент-Шапель (XIII в.), служившая церковью для французских королей и отличающаяся редким совершенством форм.

В **Германии** готика получила распространение под влиянием Франции. Одним из самых знаменитых памятников здесь является **собор в Кельне** (XI-XV вв.). В целом он развивает концепцию Амьенского собора. В то же время, благодаря остроконечным башням, он наиболее ярко и полно выражает вертикализм, устремленность в небо готических сооружений.

Английская готика также во многом продолжает французские модели. Здесь признанными шедеврами являются **Вестминстерское аббатство** (XIII-XVI вв.), где находится усыпальница английских королей и выдающихся людей Англии: а также капелла Королевского колледжа в Кембридже (XV-XVI вв.), представляющая позднюю готику. [7]

Поздняя готика, как и вся культура позднего Средневековья, содержит все возрастающее число черт следующей эпохи — эпохи Возрождения. По поводу творчества таких художников, как Ян ван Эйк, К. Слютер и др., идут споры: одни авторы относят их к Средневековью, другие же — к Возрождению [5].

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Таким образом подводя итоги следует отметить, что культура средневековья — при всей неоднозначности ее содержания - занимает достойное место в истории мировой культуры. Эпоха Возрождения дала Средневековью весьма критическую и суровую оценку. Однако последующие эпохи вносили в эту оценку существенные поправки. Романтизм XVIII-XIX вв. черпал свое вдохновение в средневековом рыцарстве, видя в нем подлинно человеческие идеалы и ценности.

Женщины всех последующих эпох, включая нашу, испытывают ностальгию по настоящим мужчинам-рыцарям, по рыцарскому благородству, щедрости и учтивости.

В ходе написания статьи мы пришли к следующим выводам:

1. Современный кризис духовности побуждает нас обращаться к опыту средневековья, вновь и вновь решать вечную проблему соотношения духа и тела.

2. Идеологическим стержнем культуры является христианство.

3. Продолжается интерес к античному наследию.

4. Философия и теология выражали интересы католицизма.

5. В искусстве появляются новые стили :романский и готический.В идеологии и культуре времени Готики сохранялись феодально-церковные основы; она развивалась в областях, где господствовала католическая церковь, и под её эгидой. Готическое искусство оставалось по преимуществу культовым по назначению и религиозным по тематике: оно было соотнесено с вечностью, с «высшими» иррациональными силами.

6. Начали интенсивно развиваться градостроительство и гражданская архитектура (жилые дома, ратуши, гильдейские дома, торговые ряды, склады, городские башни -«бефруа» и т. д.). Складывались городские архитектурные ансамбли, в которые включались культовые и светские здания, укрепления, мосты, колодцы. В центре города, господствуя над его застройкой, находился собор или замок.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Богатырева Е.Н. История культуры средних веков и Возрождения: Учебное пособие.-Саратов, 2016.-185 с.

2. Гуревич А.Я. Проблемы средневековой народной культуры / А.Я. Гуревич. – М.: Искусство, 1981. – 359 с.

3. Бицилли П.М. Элементы средневековой культуры.- Спб:Мифрил,1995.-244с

4. Габитов Т. Культурология: Учебник для студентов вузов и колледжей /. - Алматы: ТОО «Лантар Трейд», 2019. - 402.с

5. Арган Дж. К. История итальянского искусства. М., 2000. -158 с.

6. Дмитриева Н.А. Краткая история искусств.-М. «Искусство»,1985.-312с

7. Гуревич А.Я. Средневековый мир: культура безмолвствующего большинства / А.Я. Гуревич. – М.: Искусство, 1990. – 396 с.

8. Пастуро М. Символическая история европейского средневековья / М. Пастуро; пер. с фр. Е. Решетниковой. – СПб.: «Александрия», 2012. – 448 с., илл.

БАТЫС ЕУРОПАНЫҢ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ МӘДЕНИЕТИ

Аңдатпа. Мақала Батыс Еуропа елдеріндегі мәдениеттің даму тарихына арналған. Орта ғасырлар Батыс Еуропа тарихында V-XVI ғасырларды қамтиды. Орта ғасырларда, басқа дәуірлердегідей, Еуропа континентінде күрделі және қарама-қайшы процестер болды, олардың негізгі нәтижелерінің бірі Еуропа мемлекеттерінің және бүкіл Батыстың қазіргі түрінде пайда болуы болды. Сонымен қатар, өмірдің кейбір салаларында орта ғасырлардың басында прогрессивті өзгерістер болды. Дінмен қатар Орта ғасырларда философия мен ғылымды қоса алғанда, рухани мәдениеттің басқа салалары болды және дамыды. Ортағасырлық жоғары ғылым теология немесе теология болды. Құдайдың аянына сүйенген ақиқатқа ие болған теология болды. Философия теологияның қызметшісі деп жарияланды.

Осы кезеңде ортағасырлық өнер ежелгі мұраға белсенді түрде жүгінеді, варварлық сипатты дәйекті түрде жеңеді. Сондықтан бұл уақытты кейде "каролингтік жаңғыру" деп те атайды. Ортағасырлық сәулет өзінің дамуында екі дәйекті кезеңнен өтті: ерте-романдық стилі кезеңі (VI-XII ғғ.) және кеш - готикалық стиль кезеңі (XII-XV ғғ.).

Мүсін мен сәулеттің өзіндік синтезі пайда болды. Мүсін соборлар порталдарын безендірудің ажырамас бөлігі болды. Тастағы уағыз көбінесе романдық соборларындағы мүсін деп аталады. Таста қатып қалған қасиетті кейіпкерлердің бейнелері сөзден кем емес әсер ету күшіне ие болды. Готика бесігі Франция болды. Мұнда ол XII ғасырдың екінші жартысында дүниеге келді, содан кейін үш ғасыр жеңілдік пен сәнділік жолында дамыды. Орта ғасырлар мәдениеті — оның мазмұнының барлық түсініксіздігімен - әлемдік мәдениет тарихында лайықты орын алады. Руханияттың қазіргі дағдарысы бізді орта ғасырлардағы тәжірибеге жүгінуге, рух пен дененің арақатынасының мәңгілік мәселесін қайта-қайта шешуге шақырады.

Түйінді сөздер: Мәдениет, өнер, Роман және готикалық стиль, соборлар, Рыцарлық мәдениет.

CULTURE OF WESTERN EUROPE IN THE MIDDLE AGES

Abstract. The article is devoted to the history of cultural development in Western Europe. The Middle Ages in the history of Western Europe cover more than millennia - from the 5th to the 16th centuries. In the Middle Ages, as in other eras, complex and contradictory processes took place on the European continent, one of the main results of which was the emergence of European states and the whole West in its modern form. At the same time, progressive changes took place in some areas of life already at the early stage of the Middle Ages.

Along with religion in the Middle Ages, other areas of spiritual culture existed and developed, including philosophy and science. The highest medieval science was theology. It was theology that possessed the truth that rested on Divine Revelation. Philosophy was declared a servant of theology.

During this period, medieval art actively addresses the ancient heritage, consistently overcoming the barbarian character. Therefore, this time is sometimes called the "Carolingian revival."

Medieval architecture in its development went through two consecutive stages: the early - period of the Romanesque style (VI-XII centuries) and the late - period of the Gothic style (XII-XV centuries). A kind of synthesis of sculpture and architecture arose. The sculpture was an integral part of the design of the portals of cathedrals. Sermon in stone is often called sculpture in Romanesque cathedrals. The images of sacred characters frozen in stone had no less power of influence than a word. France became the cradle of Gothic. Here it was born in the second half of the XII century, and then for three centuries it developed along the path of increasing lightness and decorativeness. The culture of the Middle Ages - for all the ambiguity of its content - occupies a worthy place in the history of world culture. The modern crisis of spirituality prompts us to turn to the experience of the Middle Ages, again and again to solve the eternal problem of the ratio of spirit and body.

Keywords: Culture, art, Romanesque and Gothic style, cathedrals, chivalric culture.

Автор туралы мәлімет: Сүлейменова Г.Б. Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы (E-mail: gulnarazkgu@gmail.com)

Information about the author: G.B. Suleimenova. Astana International University, Astana, Kazakhstan (E-mail: gulnarazkgu@gmail.com)

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ӨЗЕКТИ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХНАМАСЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕР

Өскембаев Қанат Сәдуақасұлы

Астана халықаралық университетінің профессоры, т.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
k.uskembayev@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада Қазақ хандығының құрылуына байланысты XIV-XV ғасырлардағы кейбір саяси оқиғалар баяндалады. XV ғасырдың ортасында Жетісуда Қазақ хандығы деген атпен енген жаңа саяси одақтың құрылуына байланысты аса маңызды этносаяси үдерістер орын алды. Бұл оқиға Қазақстанның одан кейінгі бүкіл этносаяси тарихын айқындап, қазақ халқының ұлт болып топтасуына, этникалық территориясының қалыптасуына, қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетінің дамуына зор ықпал жасады. Сол оқиғаларға қатысты кейбір тарихнамалық және дерекнамалық мәселелерге шолу жасалады. Қазақ хандығы туралы бізге жеткен нақты жазба деректердің бірі Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегі. Жалпы бұл еңбек Моғолстан хандығы тарихына арналған. Алайда сол кездегі саяси жағдайға байланысты Қазақ хандығы туралы да көп мәлімет келтірілген. Абулғазы, Қадырғали Жалайыри т.б. өз еңбектерінде Қазақ хандығы, оның билеушілері туралы мәліметтер қалдырды. Сонымен қатар Қазақ хандығы кезеңіне байланысты шығыс деректерінің маңызы зор.

Кілт сөздер: Қазақ хандығы, Мұхаммед Хайдар Дулати, Тарих-и-Рашиди, хан, сұлтан, әмір, қазақ, өзбек, Керей, Жәнібек. Есенбұға хан, Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы

КІРІСПЕ

Сақ дәуірінің «Алтын адамынан» бастап, бүгінгі Астанаға дейінгі аралық тұтас бір ұлттың басып өткен тарихының көрінісі. Кезінде «Алаш» көшбасшысы, ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «*Бүгінгі қоғам кешегі күннің бауырынан туады*» деген екен.

Сөз жоқ, Қазақстан біздің аумағымызда дәуірлеп өткен сақ, үйсін, ғұн және басқа да этникалық қоғамдастықтар мен мемлекеттік құрылымдардың мұрагері болып табылады, тиісінше, қазақ мемлекеттілігінің тарихы да солардан бастау алады. Қазақтар мен осы ұлы ата-бабаларымыздың арасындағы тарихи байланысы туралы тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаев 2014 жылы тамыз айындағы «Ұлытау төріндегі толғаныс» атты сұхбатында:

«...Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек» - деп, біздің кеше ғана пайда бола қалған халық емес екендігімізді өте жақсы айтқан еді [1].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бүгінде біз қазақ хандығының пайда болуы XIV-XV ғғ.-ғы Қазақстан территориясындағы (Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы шеңберіндегі) әлеуметтік-экономикалық және этносоциалдық үрдістердің заңды нәтижесі дейміз. Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы және оның дамуына сөз жоқ дәстүрлі көшпелі шаруашылық пен отырықшы қалалық қонысы бар өңірлер арасындағы өзара байланыстар ерекше рөл атқарды. Осы екі өңір салтының шаруашылық жүйелері қай уақытта болса да өзара үйлесімді үздіксіз дамып отырды. Алайда кейбір зерттеушілердің ойынша экстенсивті мал шаруашылығының болуы, халықтың шашырап орналасуы, отырықшылық мәдениеттің болмауы күшті мемлекеттің болуын қаламайды және ол көшпелілер үшін қажет-те емес дейді. Енді бір зерттеушілер көшпелілер мемлекетінің пайда болуы тікелей отырықшы қоғамдармен тікелей байланысы барысында өмірге келеді дейді [2, 91 б.].

XIV-XV ғасырларда қазақ жеріндегі аралас экономика, көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы-егіншілік, қала шаруашылығы қалыптасқан өлкелердің табиғи интеграциясы негізінде тұтас экономикалық ауданның құрылуына әкелді және аймақтың бүкіл жерінің бір саяси құрылымға бірігуіне қолайлы жағдай туғызды. Сонымен бірге бұл жағдай қазақ рулары мен тайпаларының этникалық жағынан бірігуіне, халықтың ұзаққа созылған қалыптасу үдерісінің іс жүзінде аяқталуына себепші болды. Қазақ мемлекеті құрылуының объективті себептері мен шарттары осы жағдайлар. Ірі этникалық-әлеуметтік қауымдастықтың өзінің біртұтас әлеуметтік-аумақтық мемлекеттік ұйымын құруға ұмтылу кезеңі осы кезең.

Мемлекеттің этникалық қауымдастықты айқындайтын *тіл, материалдық мәдениет, тұрмыс, тарихи зерде, халықтың ғұрпы, ойлау салты* ұқсас этникалық аумақ болады, ол жетекші рөл атқарады. Бұл кезең сөйтіп біртұтас қазақ этносының құрылуы, оның мемлекеттігінің, этникалық аумағының қалыптасуының аяқталған кезі. Моңғолдар кезеңінен кейін қазақ даласында күйзелістің орнына келген шаруашылықтың қайта өрлеу фактілері айқын көріне бастады. Әлеуметтік-экономикалық қатынастардың даму саласында, әсіресе оңтүстік аудандарда әлеуметтік қатынастардың рулық-тайпалық белгілерінде өзгерістер орын ала бастады. Хандардың,

сұлтандардың, әмірлердің, байлардың, билердің, мұсылман дінбасыларының еңбекші бұқара жөніндегі саясаты барған сайын өктем бола түсті.

Қазақ мемлекеттілігінің құрылуының маңызды жағы сол кездегі қоғамдық-саяси қатынастардың одан әрі дамуы және шиеленісуі еді. Мұны *Моғолстандағы сияқты, Ақ Ордада, сонан соң Әбілқайыр хандығында* малды ғана емес, жерді де меншіктенудің нығайтылуы, жайылым үшін барған сайын өрістей түскен күрестерден байқаймыз. Бұған Әбілқайыр ханның Өзбек хандығындағы сияқты, аталған мемлекеттердің тарихы жөнінде бізге жеткен жазбаша деректемелерден көреміз.

Қазақ Хандығының құрылуына Еуразияның шығыс және орта бөлігінде XIV-XV ғасырларда болған мемлекеттердегі саяси дамудың, оның ішінде Қыпшақ даласындағы, Мәуреннахар мен Моғолстанда болған этникалық үдерістердің заңды қорытындылары себеп болды. XIII ғасыр басында Моңғол жаугершілігіне байланысты жоғарыда аталған аймақтарда саяси құрылымдар өзгеріп, этникалық үдерістердің дамуы тежелсе, XIV ғасырдан бастап Моңғолдар құрған саяси құрылымдар сипаты жағынан жергілікті халықтар мен ру-тайпалардың талабына бейімделе түседі. Жаулап алушылар жергілікті халықтар арасына сіңісіп, бұрынғы тежелген этникалық үдеріс жаңа қарқында, жаңа сапада дами бастайды. XIII-XV ғасырларда пайда болған Ақ Орда, Ноғай Ордасы (XIV ғ. аяғы – XVI ғ.), Сібір хандығы (1438–1598 жж.), Әбілхайыр хандығы (1428-1468 жж.), Моғолстан (XIV ғ. ортасы – XVI ғ. басы) секілді мемлекеттер Моңғол жаулап алушыларының емес, жергілікті халықтардың үлесінен құралған мемлекеттер еді. Осы мемлекеттер шеңберінде қазақ халқы қалыптасуының ұзаққа созылған үдерісі, ал Қазақ хандығында біртұтас халықтың біржола топтасуы аяқталды. Этникалық үдерістермен бірге қазақ мемлекеттігінің өзі де қалыптасып, дамыды, ол бұрын Қазақстан аумағында мекендеген тайпалар мен халықтардың (Қарахан, кимек, қыпшақ, керей, наймандардың және басқа да түрік халықтарының) мемлекеттердің заңды тікелей жалғасы еді.

Тарихшылардың айтуынша Керей мен Жәнібек хандардың Моғолстанға көшіп келуін баяндайтын мәліметтер ортағасырлық бірнеше шығармаларда кездеседі екен. Маңызды деректердің бірі – **Мұхаммед Хайдар мырза Дулатидың (1499-1551) «Тарихи Рашиди»** еңбегі. Ол өзінің саяси-қоғамдық күрделі өміріне қарамастан әлем мәдениетіне екі шығарма жазып, мұра қалдырып кетті. Бірі – «Жаһаннама» поэмасы, оны түркі тілінде жырлады. Екіншісі – «Тарих-и Рашиди» шығармасы, оны парсы тілінде жазды. «Тарих-и Рашиди» 1542-1546 жылдары Кашмирде жазылған.

Біз қарастырып отырған мезгілде қазақ қоғамына байланысты мұндай міндетті мойнына алғандар – белгілі Орыс ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтандар болды. Мұхаммед Хайдар еңбекте: «... Сол заманда Әбілхайыр хан қыпшақ даласына түгелдей билігін жүргізіп тұрған еді. «Жошы» ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып, Моғолстанға кетіп қалған. Есенбұға хан оларды құрметпен қарсы алып, Шу маңы мен «Қозыбасыны» тапсырған еді. Ол аймақ Моғолстанның батыс шегі еді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген. Әбілхайыр қайтыс болған соң, Өзбек ұлысы өзара тартысып, араларында көп келіспеушілік туды. Олардың көбісі Керей хан мен Жәнібек ханның жанына барған еді. Олардың саны екі жүз мыңға жететін. Олар **өзбек-қазақ** деп аталды. Алғашқы қазақ сұлтандарының үкіметі (хандығы – Ө.Қ.) **870 Һижри кәмәри (1465 миледи) жылы** құрылған «Алла біледі». **940 Һижри кәмәри (1533 миледи) жылға дейін** қазақтар толықтай билік тізгінін ұстап тұрды ...» [3, 82 б.]. - деп Қазақ хандығының құрылған мезгілін көрсетеді. Ал оның ту көтерген жері – Жетісудың батыс бөлігі, үйсін, дулат, қаңлы т.б. тайпаларының дәстүрлі атамекені еді.

Бұл арада 1533 жылға дейін деп тұрғаны сол кездегі қазақ хандығындағы саяси дағдарыстарға бола айтып отырған сияқты. Олар Тахир, Ахмет, Тоғым, Бұйдаш т.б. хан есімдерімен байланысты. Одан кейін хан тағына аты қазақтарының арасында даңққа бөленген, башқұрт пен ноғайдың да халық аңыздарында айтылатын Қасымның ұлы Хақназар (1538-1580) отырады. Хақназар хан әкесі Қасым салған жолды одан әрі жалғастырды емес пе?

Тағы да ғалымдардың айтуынша Мұхаммед Хайдардың еңбегіне дейін Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі мәліметтер ешбір жазба деректе кездеспейді. Автор Жетісуға, Дешті-Қыпшаққа, елінің салт-дәстүріне, Керей, Жәнібек, Қасым хан сияқты кемеңгер билеушілеріне аса үлкен ілтипатпен қарайды. Өз шығармасында моғол билеушілерінің қазақ хандарымен болған өзара жылы қатынасын үлкен ықыласпен баяндайды. Еңбекті жазу барысында ол жергілікті халық арасында кең тараған тарихи әңгімелерді, аңыздарды, ауыз әдебиетінің басқа да түрлерін кеңірек қолданған. Керей мен Жәнібек хандардың Моғолстанға келуі туралы мәліметті Мұхаммет Хайдар шежірені жақсы білетін адамдардан алса керек. «Тарихи Рашидидің» бір бөлігін орыс тіліне аударып, оған кіріспе сөз жазған. К.А. Пищулина: «Тарихи Рашидидің жазылуына ең біріншіден моғол тайпалары арасында айтылып жүрген тарихи аңыз-әңгімелер негіз болды» - деп жазады [4].

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы «Қазақ хандығының құрылу

тарихы» атты монографияның авторы Кәрібаев Б.Б. 20-21 сәуір 2012 жылы Таразда өткен «VII Дулати оқулары» халықаралық-ғылыми практикалық конференциясы материалдарында жарияланған (I бөлім) «Мұхаммет Хайдар Дулати Қазақ хандығының тарихын алғаш зерттеуші» мақаласында Дулатидің қазақ хандығы тарихының алғашқы кезеңдері туралы жазғандарын төмендегідей баяндайды. «Тарих-и Рашидидің» екі бөлімнен немесе екі кітаптан тұратыны белгілі. 1541-1542 жылы **мемуарлық сипаттағы** екінші кітапты, ал **тарихи сипаттағы** бірінші кітапты 1546 жылы жазған дейді. Аталған екі кітапта да қазақ тарихына қатысты материалдар жиі кездеседі. Тарихи сипаттағы кітапта біз қарастырып отырған мәселе **39-шы әңгімеде** (тарауда) өте қысқаша түрде Моғолстан тарихының Есенбұға хан билік құрған жылдарында болған оқиғалардың бірі ретінде баяндалады. Ал тарихи сипаттағы кітапта автор Қазақ хандығының тарихына байланысты оқиғаларды **33-ші және 34-ші әңгімелерде** (тарауда) айтады...

Қазақ хандығы Дулатидың баяндауларында: 1) «...Есенбұға ханға әмірлердің қарсылық көрсеткен күндерінен әңгіме» атты тарауда XV ғасырдың 30-50-шы жылдарындағы Моғолстанның ішкі саяси өміріндегі жағдайлар туралы, яғни моғолдың ірі тайпалары көсемдерінің ханға қарсы әрекеттері баяндалады. Бұл мәліметтер бізге Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы Моғолстанның ішкі және сыртқы саяси жағдайынан хабардар етіп, ол жағдайлардың хандықтың құрылу барысына қаншалықты дәрежеде қолайлы алғышарттар жасағанын көрсетеді;

2) Есенбұға ханның Мауереннахрдағы саяси дағдарысты пайдаланып, ол жаққа жасаған жорықтары туралы, Әбу Сайд мырзаның Есенбұға ханның жорықтарына қарсы ойластырған жоспарлары, темірлік мырзаның моғол әскерлерін Ианги (Тараз) түбінде жеңіліске ұшыратуы туралы мәліметтер. Бұл мәліметтерден біз Қазақ хандығының құрылу қарсаңындағы Моғолстан мен Мауереннахрдағы Темір әулеті мемлекеттері арасындағы саяси қатынастардың әбден ушыққанын, жетер шегіне жеткенін көреміз. Өз кезегінде бұл жағдай Қазақ хандығының Жетісу аймағының батыс бөлігінде шаңырақ көтеруіне тікелей себепші болады;

3) XV ғасырдың орта тұсында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында өз билігін толықтай орнатқан Әбілқайыр хан және одан бөлініп Моғолстан аумағына қоныс аударған Керей мен Жәнібек хандар туралы, оларды Есенбұға ханның қуана қарсы алып, Моғолстанның батыс жағындағы Шу мен Қозыбасы өңірінен жер беруі туралы, олардың «қазақ» атануы туралы мәліметтер. Қазақ хандығының құрылу тарихында бұл мәліметтер – ең негізгі дерек болып саналады;

4) Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 (1465) жылдан басталады, «Алла жақсы біледі» деген мәліметтері – Қазақ хандығының құрылу тарихындағы ең басты, ең негізгі жазба дерек мәліметтерінің біріне жатады. Қазіргі кезде Қазақ хандығының құрылуына қатысты ой-пікір айтып, тұжырымдар білдіріп жүрген тарихшылардың бәрі Мұхаммед Хайдар Дулатидың осы мәліметтерін негізге алады. Дегенменде автордың оқиғаларды баяндауында дәлдік сақталғанымен, олардың уақытын көрсету кей жағдайларда болжаммен, шамамен беріледі. Мұхаммед Хайдар Дулати ондай болжаммен, шамамен берген даталардың өте дәл емес екенін алдын ала біле отыра, олардан кейін міндетті түрде «Анығы бір Аллаға аян» деген сөз тіркесін қолданып отырады» - деп тұжырымдайды зерттеуші [5].

Бүгінгі күнге дейін «Тарих-и Рашиди» еңбегі тарихшылар мен зерттеушілер тарапынан өте көп сұранысқа ие. Оның басты себебі кітапта Шыңғыс ханның Шағатай мен Жошы ұлдарының Түркістан кеңістігіндегі билігі мен олардың ұрпақтарының саяси-қоғамдық тағдыры тілге тиек болған. Сондай-ақ кітап түркі еліндегі ислам дінінің таралуы жайында да мәліметтер береді және географиялық, тілдік, философиялық тұрғыда аса жоғары бағаланатын туынды. Сондықтан шығарма қазіргі заманға дейін ғылыми айналымнан түспей, құндылығын жоймаған.

Сөйтіп, «Тарих-и Рашиди» бойынша қазақ хандығының құрылу уақыты ретінде 1465 жылдың тамызы мен 1466 жылдың тамызы аралығын қарастыратын тарихшылар қатары бүгінде басымдық болып табылады. Жалпы, Қазақ хандығының дүниеге келуі туралы нақтылы дата осы тарихи дереккөзде айтылады. Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегінде Керей мен Жәнібек қазақ хандарының билігі Хижраның 870 жылы басталды делінеді. Бұл құнды дерекке сенбеуге бізде негіз жоқ. Хижраның 870 жылы заманауи күнтізбе бойынша 1465 жылдың 24 тамызында басталып, 1466 жылдың 11 тамызында аяқталды. Ата-бабамыздың дәстүріне сәйкес, хандар сайланатын ұлы құрылтайлар күз ортасында өтетін болған. Керей ханның таққа отыруы, тиісінше, Қазақ хандығының құрылуы 1465 жылдың қазанына келеді деп санаған орынды. Еске сала кетсек, 2014 жылы 22 қазан күні Астана қаласының активімен өткен кездесуде **Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы** тойланатынын айтқан болатын. Ия, 2015 жылы ол аталып та өтілді. Бір өкініштісі, бұл белгілі, қалыптасқан сарында өтті. Жалпы халықтық деңгейге жете алмады. Әрине, бұл басқа әңгіме!

Қазақ Хандығының құрылуы туралы **келесі мәлімет Махмуд ибн Уәлидің «Бахр ал-асрар фи манасиб ал-ахйар»** еңбегі. Еңбек XVII ғасыр

ортасында 1641 жылы жазылған. «Бахр ал-асрар...» – Махмуд ибн Уәлидің даңқын шығарған негізгі еңбегі. Автор туындысын жазу үшін, зерттеушілердің пікірі бойынша, бізге дейін жеткен және жетпей жоғалып кеткен жиырмадан астам ортағасырлық деректердің мәліметтерін қолданған. Оның ішінде «Тарихи Рашиди» мәліметі де бар.

Махмуд ибн Уәли ортағасырлық деректермен мейлінше кең таныса отырып, Қазақ Хандығының құрылу жағдайын Мұхаммед Хайдар мырза Дулатиға қарағанда, салыстырмалы түрде, толық жазған. Махмуд ибн Уәлидің мәліметінде Әбу Сайд мырзаның Есен-Бұға ханға қарсы Жүніс ханды қолдануы, не себепті Қазақ хандығының Моғолстанның батыс бөлігінде пайда болғандығы, алғашқы қазақ ханы кім болғандығы және «қазақ» атауы не үшін Керей мен Жәнібектің соңынан ерген адамдарға қолданғандығы туралы фактілер [3, 91 б.] көп кездеседі.

Жазба деректерден басқа халық ауыз әдебиетінің материалдарында да Қазақ хандығының құрылуы көрініс береді. **«Ақжол бидің өлімі»** жөніндегі тарихи аңыз әңгімеде Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлінуінің себептері, екі ханды қолдаған қазақ ру-тайпалары туралы құнды мәліметтер кездеседі.

Есенбұға хан бірнеше рет қазақ хандарына елші жіберген. Керей мен Жәнібек сұлтандардың көшуін тездеткен негізгі оқиға **қазақы деректерде** айтылатын **Қарақыпшақ Қобыландының** Арғын тайпасының беделді биі **Ақжол биді (Дайырқожаны)** Ұлытау жақта саятшылық жасап жүргенде өлтіруі. Бұл Ақжол бидің әкесі 90 келген Қодан тайшының жоқтауында айтылады. Бұл туралы «Қодан зары», екінші аты «Кештім» деген күй де бар. Бөлініп Моғолстан жаққа кеткен елдің артынан қатты ашу шығарған Әбілқайыр хан *«...Сенің әлегіңнен кетті, кінәңді жу, көнсе кері айдап кел, көнбесе еңбектеген баласынан еңкейген кәрісіне дейін қырып сал, дүниелерін олжала...»* - деген бұйрығымен барған Қобыланды батыр орындамай, Қодан тайшыдан кешірім сұрап өз туысқандары жағына ел-жұртымен өткен екен. Қодан тайшыдан кешірім сұрап *«...Міне, алдыңа өзім келдім, балаңның кегін ал, басымды шап»* деген Қобыланды батырға. *«Иілген басты қылыш кеспес болар»* - деп кешірген екен. Сол Қобыланды батыр Ақтөбе облысы Қобда өзенінің жанында жерленген. Оның обасы кішігірім таудай [6]. (Бұл туралы 2015 ж. 10 қаңтарда Орталық Қазақстанда өлкетанушы Ж. Дайыров та біраз мәлімет берген болатын).

Ал, ортағасырлық қазақ тарихын бүгінде кең түрде зерттеп жүрген ғалым-медиевист Ж. Сабитовтың айтуынша: *«... вполне можно предположить существование двух батыров под именем Кобланды. Один из них жил в эпоху Едиге, а другой жил в эпоху Алшагыра, потомка Едиге. Очень вероятно, что они*

оба принадлежали к роду Каракипчак, но один из них был сыном Токтарбая, а другой сыном Кыдырбая. Мы можем предположить, что Кобланды (Куба) Токтарбайулы жил в эпоху Тохтамыша, Едиге, Тамерлана, Ер Кокше и Аргына Кара-ходжи (вторая половина XIV века - начало XV века). В то время как его тезка из того же племени Кобланды Кыдырбайулы жил в последней четверти XV века – первой половины XVI века. Он, предположительно был внуком по женской линии правителя Ногайской Орды Мусы. Он был современником ногайских беков и мурз Хасана, Ямгурчи, Агиша, Алшагыра, Урака, Мамая, ханов Абугая, Ильбарса, Ибака и его брата Алшагыра, а также Барака, правившего в Ташкенте» [7] - деп, сұлтандардың көшуін тездеткен қазақы деректеріндегі айтылатын **Қарақыпшақ Қобыландыға байланысты тың ойын ортаға салады.**

Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек – Шыңғыс хан ұрпақтары. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайды. **Жошының 14 ұлының бесеуі** және олардан тараған ұрпақтар XIII-XV ғасырларда Еуразияның шығыс бөлігіндегі саяси тарихта үлкен рөл атқарады. **Орда Ежен, Батый, Тұқай-Темір, Төбел (Тевал), Шибани,** ұрпақтары Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Қазан, Қырым, Қажытархан, Сібір, Хорезм хандықтарының және Мәуреннахрдың хандары болған. Ортағасырлық кейбір мәліметтер мен соларға негіздеп жазылған қазіргі тарихи зерттеулерде қазақ хандарының Жошының қай ұлынан тарайтындығы жөнінде екі түрлі көзқарас бар екенін айта кету керек. Соның біріншісі бойынша қазақ хандары **Орда Еженнен**, яғни Жошының үлкен ұлынан тарайды делінсе, екінші нұсқа Жошының **Тұқай Темірден** өрбитінін көрсетеді.

«**Тұқай-Темірлік**», яғни екінші нұсқаны қостаушылар өз пікірлерін XVI және XVII ғасырларда жазылған «**Тауарих-и гузида-йи нусрат наме**» мен **Әбілғазының «Түрік шежіресіндегі»** мәліметтерге сүйеніп дәлелденеді. Ал «**Орда-Ежендік**» пікірді ұстанушылар, негізінен, XIV және XV ғасырдың басында жазылған Рашид-ад Диннің «**Жамиғ ат-тауарихы**» мен Муин-ад-дин Натанзидің (шамамен 1414 жылдары жазылған) «**Ескендірдің анонимі**» атты деректерге сүйенеді. Көпшілік тарихшылар көпке дейін мына генеалогиялық кестені қолдап жүрді: *Шыңғыс хан – Жошы – Орда Ежен – Сартақтай – Қоныша – Сасы Бұқа – Шымтай – Орыс (Өріс) хан – Құйыршық хан – Барақ хан және Жәнібек хан т.б.* «**Таварих-и гузида-йи нусрат-намеде**» берілген шежіреге сәйкес, Қазақ хандығының негізін қалаушылар Жәнібек пен Керей **немере ағайын** болған.

Кейінгі кездегі зерттеу-тұжырымдарда Жошы әулетінің генеалогиялық кестесі Қазақ хандығының хандарының бәрі де Орда Еженнің де,

Шайбанның да ұрпағы емес, Тоқа Темірдің ұрпағы екенін көрсетеді. Ж. Сабитовтың айтуынша Жошының ұлы Тоқа (Тұқай) -Темір қазақ хандары Жәнібек пен Керейдің тікелей ата-бабасы болып табылады. Алғашта оның иелігі Қазақстан аймағында болған, кейін Тоқа-Темір билігі Батысқа ауысқан, онда ол Қырымды иелігіне алған. «*Бахр әл-Аскар*», «*Таурих-и ғузилдайы Нусреатнама*» бойынша, Жошы ханның 13-ұлы, **Тоқа Темірдің ұрпағы** (Жошы - Тоқа Темір – Өз Темір - Қожа Бәдік – Орыс хан) болып саналады [8].

Осыған байланысты профессор Б. Кәрібаев: «...Қазақ хандарының шығу тегін Жошының кіші ұлы – Тұқай Темірден тарату XVI ғасырдың басындағы шайбанилық әулет өкілдерінің қазақ хандарының Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігін әлсірету, жою үшін әдейі жасаған идеологиялық күресінің бір көрінісі деп білеміз де, Жошының үлкен ұлы Орда Ежен ұрпақтарының билігі XIII ғасырдың 20-шы жылдарынан Орыс ханға дейін, одан кейінгі Барақ ханға дейін де үзілмеген...» [9]. - деп Қазақ мемлекетінің негізін қалаушылар Керей мен Жәнібек хандар Орда Еженнің тікелей ұрпақтары екендігін тағы да баса айтады.

Қалай дегенмен, Ақ Орданы құрушы **Орыс (Өріс) ханның тікелей ұрпақтары**, яғни Орыстан Құйыршық хан туса, одан Барақ хан туады, міне, қазақ хандығының шаңырағын осы Барақтың әулеті көтерген. Барақ атасының кезіндегі біраз жерлерді қайтарып алып, қалпына келтірген. Мысалы, ол Ақсақ Темір ұрпағы Ұлықбекке қарсы соғысып, Ақ орданың қаласы Сығанақты тартып алған. Ноғайлы әміршілерінің бірі Мансұрды өлтірді (1437). Ал, Мансұр Темір бидің әкесі еді. Темір би деп отырғанымыз Шалкиіз жырау жанында болған ноғайлының билеушісі.

Осы Барақтың ұрпағы Жәнібек пен оның ағасы Болаттың баласы Керей Әбілхайырдан атқұйрығын кесісіп, жеке бөлініп кетті де, сол кезде Ұлы жүз түгел құрамына енетін, Әмір-Темірдің ұрпақтары Моғолстан деп ат қойған мемлекеттің батыс жағына көшіп барады. Моғолстан билеушісі Есен-Бұға хан оларды құшақ жая қарсы алды [6, 16 б.]. Әрине, Керей мен Жәнібектің көшуіне **Моғолстан ханы Есенбұға өте мұқтаж болды**. Оның себептері де бар: **1-ден**, өз еліндегі тұрақсыздық оның ішінде әсіресе інісі (кей деректе ағасы) Жүніске шамасы келмеуі. **2-ден**, Батыстан Әмір Темір ұрпақтарынан (өз әкесі Ұлықбекті өлтіріп билікке келген Әбду Латиф, кейін Әбу Сайдтан) үнемі қауіп. **3-ден**, Әбілхайыр хандығы тарапынан (кейін оның ұрпақтары қазақтардың қолынан қаза болған ұлы Шейх Хайдармен, Әбілхайырдың көзі тірісінде қайтыс болған Шах Будах ханның баласы Мұхамед Шайбанимен (1470-1511 жж.) болған тартыстар. **4-ден**, шығыстан Жонғарлардың шабуылдары мемлекетті әлсіретті. Сөйтіп, жаңа Орда тігуге ол Шудың маңындағы

Қозыбасы аймағын берді. «Қазақ хандығы» атты тарихи термин міне, осыдан басталады. Алғашқы ағайынды екеуінің хандығы 1456-1480 жылдардың арасы. Осы ағайынды тұңғыш хандар алғашқы он жылда-ақ төңірегіне түгел танылып, іргесін кеңейтті. Батысында Әбілхайыр ұлысынан келіп қосылғандар мен 1462 жылы Есенбұға өлген соң Жетісудағы Моғолстанға қарайтын қазақ тайпалары мен руларының біразы өз туыстарына қарай ойысып, Қазақ хандығына қосылды. Сол кезеңдегі алғашқы жазбаларда (Васифи жазбасы) «Қазақстан» деген термин де тарихқа ене бастады.

XV ғасырдың 30-50-жылдарындағы Моғолстандағы ішкі саяси өмір туралы Мұхаммед Хайдардың өзі: « ... Жүніс хан кеткен соң (*Мауараннәһрге*) ұлыс түгелдей Есенбұға ханға бағынды. Бірнеше жыл осылай өтті. Хан жастығы мен кемелетке толмауы себеп әмірлерді қорлауға тырысатын ...» [3, 81 б.]- деп, өзіне көмекші етіп ұйғырлар тайпасынан шыққан «Темір» дегенді қойып, оған үнемі оң көзбен қарап, өз елінің әмірлерін жоғарылатпай, кемсітуіне олардың шыдамағанын жазады. Бір күні хан жиналысында олар Темірді кескілеп өлтіріп, өздері жан-жаққа қашып кетті. Әрбір моғол әмірі өз қалаулары бойынша күн кешті. Мір Мұхаммед-шах Ат-Башы деген жерде, Мір Кәрім Моғолстан мен Әндіжанның, Ферғананың түйіскен жерінде Ала-Бұғада қамал салдырды.

Әмір Хақберді Бекжек Ыстық көлдің «Қойсу» деген жерде қорған салған. өзі үнемі Түркістан мен Сайрамды тонаумен болды. Шорас және барин тайпаларының әмірлері қалмақтарға, Исан-тайшаның ұлы Амасанжы-тайшыға кетті. Ал балғашы және басқа да тайпалар Әбілқайырдың жанына кетті. Қоншы және басқада тайпалардың әмірлері Моғолстан далаларында тәртіпсіздіктер ұйымдастырып дүрбелеңдер жасады. Моғолстанның сол кездегі ханы Есен-Бұға тайпа әмірлерінің мұндай іс-әрекетіне қарсы ешбір тоқтау сала алмады. Оған күште жоқ болатын. XV ғасырдың 50-жылдарының соңына таман, Керей және Жәнібек сұлтандар бастаған адамдардың Моғолстанға келу қарсаңында Моғолстанның ішкі жағдайы міне, осындай еді дейді [3, 81 б.].

Белгілі шығыстанушы Абусейтова М.Х. 2002 ж. -Алматы. «Дайк-Пресс» баспасынан шыққан «Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII веках: история, политика, дипломатия» деген еңбегінде XVII ғасырда өмір сүрген белгілі тарихшысы Әбілғазының еңбектеріне негіздеп «Тұқай-Темірлік» ойды қолдайды. Әбілғазы өз шежіресін тарқатқанда: «Жошы – Тұқай-Темір – Өз-Темір – Қоджа – Бадаққұл – Орыс-хан – Қойршақ – Барақ – Әбу-Сайд (нақты аты Жәнібек хан). Жәнібекте 9 ұл тарайды... – дей отырып, өзін Шыңғыс ұрпағының Араб-Мұхаммедтен өрбитінін көрсетеді [2, 95 б.]. Осы

ойды біздер Махмуд ибн Валидің «Бахр ал-асрар» еңбегінен де кездестіреміз. Әрине бұл ойлар бүгінде қосымша ізденістерді, жаңа деректерді сұрайды.

Қазіргі таңда шетелдік, ресейлік және қазақстандық тарихшылар бірінші мәселеге қатысты, яғни Жошы Ұлысының батыс және шығыс бөліктеріндегі мемлекеттердің атауларына қатысты Ақ Орда мен Көк Орда терминдерін араластырып қолданады. Қазақстандық тарихшылар Ақ Орда атауын шығыс бөліктегі саяси құрылымға қатысты қолданса, ресейлік зерттеушілер, керісінше шығыс бөлікке қатысты Көк Орда терминін пайдаланады.

Қазақ хандығының құрылуы мәселесі тарих ғылымында ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарынан бүгінге дейін тоқтаусыз зерттелуде. Бұл жөнінде тарихи деректерді айналымға алғаш енгізген, тарих ғылымында күн тәртібіне қойған зерттеуші В.В. Вельяминов-Зернов еді. Ол 1864 жылы «Исследование о Касимовских царях и царевичах» атты еңбегін жариялады. ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы зерттеушілер қатарына В.В. Вельяминов-Зерновтан басқа, В.В. Радловтың, Н.А. Аристовтың, И.И. Крафтың, В.В. Бартольдтың, Ш.Құдайбердіұлының, Л.П. Чулошниковтың, М. Тынышбаевтың, Г.М. Грумм-Гржимайлоның зерттеулерін жатқызамыз. 1930-1940 жж. С.Д. Асфендияров, П.А. Кунте, П.М. Вяткин және 1943 жылғы «Қазақ ССР тарихы» кітабының авторлары Қазақ хандығы құрылуы жөнінде өз пікірлерін жаңа көзқарас негізінде ұсына алды. Олардан кейінгі уақытта А.А. Семенов, П.П. Иванов, С.К. Ибрагимов, К.И. Петров, М.Г. Сафарғалиев, П. Юдин секілді белгілі шығыстанушы-ғалымдар мәселені терең зерттеуге күш салды. Олардың пікірлері мен тұжырымдары мәселенің тарихнамалық базасын кеңейтіп, байыта түсті. Зерттеулердің кейбіреуінің негізгі бағыттары мен тұжырымдарын былайша қорытындылауға болады.

-В.В. Вельяминов-Зернов Мұхамед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегін орыс тіліне аударып ғылыми айналымға Қазақ хандығының құрылу тарихын, жылдарын күн тәртібіне қойды. Ол жазба деректер арқылы Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, Моғолстанға келуін – Қазақ хандығының құрылуындағы басты оқиға ретінде көрсетті. Бұл мәселе бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ және ешбір зерттеуші тарапынан теріске шығарылмай келеді.

- Шәкәрім Құдайбердіұлының ғылыми айналымға енгізген ауызша мәліметтерді енгізіп байыта түсірді.

- М. Тынышбаев «Қазақ хандығының қалыптасуы» және «Қазақ хандығының құрылуы» деген сөздерді өзгертіп, «Қазақ одағын» жіктеді. Қазақ хандығының құрылуын Алтын Ордасының тарихымен, оның бір

бөлігі болып саналатын Шибан Ұлысының ыдырауымен тікелей байланыстырады т.б.

Ортағасырлық деректердің белгісіз болуы себепті Қазақ хандығының құрылу жылы мәселесіне қалам тартқан зерттеушілер арасында әлі күнге дейін нақты бір пікір жоқ. Олар 1450-1465/1466 жылдар аралығындағы бірнеше мерзімді көрсетеді. К.И. Петров 1450, У.Г. Ховорст 1451, Б.А. Ахмедов пен А.П. Чулошников – 1455-1456, В.П. Юдин 1465-1466, Т.И. Сұлтанов 1459-1460 жылы болған деп айтады. Осылардың ішінде В. Юдиннің «Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая...» деген мақаласына назар аударсақ, *«В истории евразийских степей и прилегающих к ним районов послемонгольского времени хорошо известны кочевые объединения, в названия которых входило слово орда. Некоторые из них, например Золотая Орда, претендовали даже на статус «мировой» державы.»*

Кроме Золотой Орды, были Орды Белая, Синяя, Серая, Пегая, Мамаева, Муратова, Ахматова, Волжская, Заяицкая, Перекопская, Крымская, Белгородская, Залесская, Городецкая, Большая, Средняя, Младшая (Меньшая), Орда-Сотня, Ногайская (Мангытская), Казачья (Казацкая, Киргиз-Кайсацкая, т. е. Казахская), Каракалпакская, Калматцкая и другие.

Многие из орд существовали в Казахстане и других степных и горных районах в XVI-XVIII вв. и позднее. В это же время в степях продолжала жить память о ряде орд более раннего времени. Но это была не просто память. Идеализированные представления о Чингисовой орде и ордах его ближайших преемников с самого начала осознавались господствующими слоями кочевников в качестве правовых норм. Они служили важным источником права, регулировавшим внешние и внутренние отношения между кочевыми и оседлыми объединениями и государствами, образовавшимися на обломках Монгольской империи...» [10, 106 б.].

Зерттеуші Салғараұлы Қ. ағамызда бұл жайлы: *«... тарихтан негізін Бату қалаған Ұлы Ұлыс («Алтын Орда» деп біліңіз) ыдырағаннан кейін сонау Еділ дариядан шығысқа қарайғы иен далада «Жошы ұлысы», «Өзбек ұлысы», «Алтын Орда», «Ақ Орда», «Көк Орда», «Боз Орда», «Жүз Орда», «Ногай Ордасы», сол секілді «Орда Ежен ұрпақтарының иелігі», «Тоқа Темір ұрпақтарының иелігі», «Шайбанилықтардың жері», «Сібір хандығы», «Әбілхайыр хандығы», «Қазақ хандығы» дегендердің болғанын бәрі біледі. Ал осылардың ішінен Қазақ хандығы бөлініп шыққан Әбілхайыр хандығынан басқасының қазақ халқының тарихына қаншалықты қатысы барлығын нақты*

біле бермейді» [11]. - деп ойын сабақтайды. Бұлардың бәрі Ұлы Ұлыс территориясына кірген және олар жеке зерттеулерді талап етеді. Бір мақалада оларды қамту мүмкін емес. – Ия, айтпақшы бұл мемлекеттер туралы халық санасында қалып қойған тұжырым – түйіндер ешқашан өлмейді, қайта жанданып – зерделене бермек. Ал, қайта жандану үшін, жаңа дерек-зерттеулер болса нұр үстіне нұр болар еді.

Қазақ хандығының құрылуының тарихнамасындағы қазіргі кезең 1980 жылдардан басталып, күні бүгінге дейін жалғасуда. Осы кезеңде Қазақ хандығының құрылуы мәселелерін зерттеушілер жаңа есімдермен толық түсуде. К.А. Пищулина, Т.И. Сұлтанов, Қ. Салғараұлы, М.Қ. Әбусейтова, Ә. Хасенов, С. Жолдасбайұлы, Б. Кәрібаев, З. Қинаятұлы, Ж. Сәбитов, Қ. Өскенбай сынды тарихшылар өз зерттеулерінде тың ойлар мен пікірлер айтып, мәселенің тарихнамасын байыта түсуде.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, бір жарым ғасырлық уақытқа созылған тарихнамада Қазақ хандығының құрылу мәселесі жай пікірлерден кең ауқымды тақырыптың біріне айналғаны бүгінде айдан анық және соңғы кезеңде мәселенің зерттелуі кең және терең түрде жүргізілуде. Жалпы алғанда, Қазақ хандығының құрылуын айтқанда, мәселеге тікелей және жанама қатысты дерек мәліметтерді тереңдеп зерделеу, талдау күн тәртібінде үнемі тұру керек, сонымен бірге ауыз әдебиетінің мәліметтерін де бір-бірімен толықтыра, салыстыра отырып қарастыру зерттеушілердің үнемі назарында болуы тиіс. Сонда ғана бұл жағдайлардың болашақ ғылыми нәтижелерге, жетістіктерге әкелеріне ешкім күмән келтірмейтін болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ұлытау төріндегі толғаныс. // Орталық Қазақстан. 2014. 28 тамыз, 1-2 бб.; <http://egemen.kz/>. 2014/08/26/. Егемен Қазақстан.
2. Әбусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII веках: история, политика, дипломатия. – Алматы. «Дайк-Пресс» баспасы, 2002. - Б. 91.
3. Мұхаммед Хайдар Дулат. Тарихи -и Рашиди. -Құрастырушы - М. Қойгелді. -Алматы: «ҚАЗАҚПАРАТ», 2015. -494 б.
4. Пищулина К. А. и др. Материалы по истории Казахских ханств XV-VIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений). А.-А.: Наука, 1969; Козыбаев М. К., Пищулина К.А. Мирза Мухаммед Хайдар о казахах и

казахской государственности // Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди (Рашидова история). -А.: Санат, 1999, с. 3-16.

5. Кәрібаев Б.Б. Мұхаммет Хайдар Дулати Қазақ хандығының тарихын алғаш зерттеуші. / «VII Дулати оқулары» М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде өткен халықаралық-ғылыми практикалық конференциясы материалдары. – Тараз. 2012 ж. 20-21 сәуір. I бөлім.

6. Оразов Н. Қазақ хандарының жылнамасы. // Сарыарқа. 1991. -№1. - Б. 15-21.

7. Сабитов Ж.М. Кобланды из рода Каракыпшак. // Тарих тағылымы. № 1 (9). Астана. 2016. С. 44-52; Соныкі, В нашей истории были два Кобыланды. / <https://e-history.kz/ru/news/show/5396>. 17.11.2016 г.

8. Сабитов Ж. (2015) Золотая Орда – «падчерица Казахстанской историографии». // <http://www.altyn-orda.kz/zolotayaorda-padcherica-kazaxstanskoj-istoriografii>/Қаралған уақыты: 05.02.2017; Соныкі, Сабитов Ж. Казахские жузы и клановая система Золотой Орды. // Молодой ученый. №11 (91). 2015.

9. Кәрібаев Б.Б. Керей мен Жәнібек хандар. Қазақ мемлекетінің негізін қалаушылар болды. / <https://anatili.kazgazeta.kz/news/6604>. 02 Маусым, 2011.

10. Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. –Алма-Ата. «Наука», 1983. –Б.106-165.

11. Салғараұлы Қ. Ақ Орда, Көк Орда, Боз Орда... // Егемен Қазақстан. 2015. 6 Мамыр: <https://egemen.kz/article/38644-aq-orda-kok-orda-boz-orda> .

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА: ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКИ

Аннотация. В статье описываются некоторые политические события XIV-XV веков, связанные с образованием Казахского ханства. В середине XV в. в Жетысу произошли важнейшие этно-политические процессы, связанные с созданием нового политического объединения, вошедшего в историю как Казахское ханство. Это событие определило всю последующую этнополитическую историю Казахстана, способствовало консолидации казахского народа в нацию, оформлению этнической территории, развитию духовной и материальной культуры казахского народа. В статье сделан небольшой обзор на историографию и на письменные источники, связанных с этими событиями. Одним из дошедших до нас реальных письменных сведений о Казахском ханстве является произведение Мухаммада Хайдара Дулати «Тарих-и-Рашиди». В целом данная работа посвящена истории Монгольского ханства. Однако в связи с политической ситуацией того времени о Казахском ханстве дается много информации. Абулгази, Кадыргали Жалаири оставили в своих произведениях сведения о Казахском ханстве и его правителях. При

этом очень важны и другие письменные источники, относящиеся к периоду Казахского ханства.

Ключевые слова: Казахское ханство, Мухаммад Хайдар Дулати, Тарих-и-Рашиди, хан, султан, эмир, казах, узбек, Керей, Жанибек. Есенбуга-хан, Белая Орда, Моголистан, ханство Абулхаира.

CURRENT ISSUES IN THE FORMATION OF THE KAZAK KHANATE: HISTORIOGRAPHY AND SOURCES

Annotation. The article describes some political events of the XIV-XV centuries associated with the formation of the Kazakh Khanate. In the middle of the 15th century. In Zhetysay, the most important ethno-political processes took place related to the creation of a new political union, which went down in history as the Kazakh Khanate. This event determined the entire subsequent ethno-political history of Kazakhstan, contributed to the consolidation of the Kazakh people into a nation, the formation of an ethnic territory, and the development of the spiritual and material culture of the Kazakh people. The article provides a short overview of the historiography and written sources related to these events. One of the real written information about the Kazakh Khanate that has reached us is the work of Muhammad Haydar Dulati "Tarikh-i-Rashidi". In general, this work is devoted to the history of the Mongol Khanate. However, due to the political situation of that time, a lot of information is given about the Kazakh Khanate. Abulgazy, Kadyrgali Zhalairi left information about the Kazakh Khanate and its rulers in their works. At the same time, export data relating to the period of the Kazakh Khanate is very important.

Keywords: Kazakh Khanate, Muhammad Haydar Dulati, Tarikh-i-Rashidi, khan, sultan, emir, Kazakh, Uzbek, Kerey, Zhanibek. Yesenbuga Khan, White Horde, Mogolistan, Khanate of Abulkhair.

Сведение об авторе: Ускембаев Канат Садуакасулы, профессор Международного университета Астана, Республика Казахстан, к.и.н. e-mail: k.uskembayev@gmail.com
Сот. тел.: 87772345120.

Author information: Uskembayev Kanat Saduakasuly, professor of the International University of Astana, Republic of Kazakhstan, Doctor of Science. e-mail: k.uskembayev@gmail.com. Court. phone: 87772345120.